

Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түсken) мұлікті есепке алудың, сақтаудың, бағалаудың және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі N 833 Қаулысы.

**Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.06.2015 № 446 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім), Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім), "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі), Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне, Қазақстан Республикасының "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы", "Нотариат туралы", "Әтил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы", "Мемлекеттік мұлік туралы" және "Бағалы металдар мен асыл тастар туралы" заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.10.2022 № 850 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Қоса беріліп отырған Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түсken) мұлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану қағидалары бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.06.2015 № 446 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Мыналар:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті және оның аумақтық органдары – республикалық меншікке;

аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары коммуналдық меншікке жекелеген негіздер бойынша айналдырылған (түсken) мұлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі уәкілетті орган болып айқындалсын.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.06.2015 № 446 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

3. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.04.21. N 372 қаулысымен.

4. "Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне түсken мұлікті есепке алу және одан әрі пайдалану, соның ішінде сату ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қыркүйектегі № 1467 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 2000 ж., № 41, 476-құжат) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2002 жылғы 26 шілдедегі  
№ 833 қаулысымен  
бекітілген

### **Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түсken) мұлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану қағидалары**

**Ескерту.** Қағида жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.06.2015 № 446 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

#### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

**Ескерту.** 1-тaraудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2020 № 947 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түсken) мұлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түсken) мұлікті (бұдан әрі – мұлік) есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалар сот шешімімен республикалық меншікке түсті деп танылған иесіз қауіпті қалдықтарға қолданылмайды.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті және оның аумақтық органдары (бұдан әрі — уәкілетті орган) осы Қағидаларда айқындалатын тәртіппен республикалық меншікке айналдырылған (түсken) мынадай мұлікті:

- 1) тәркіленген мұлікті;
- 2) сот актілерінің негізінде мемлекет кірісіне айналдырылған заттай айғақтарды (бұдан әрі – заттай айғақтар);
- 3) мәдени құндылықтарға жататын заттардан тұратын көмбелерді (бұдан әрі – көмбелер);

4) "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 216-бабының 1-тармағында көрсетілген, мемлекеттік қызметшілер және "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабына сәйкес өзіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдайтын өзге де адамдар, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері берген сыйлықтарды (бұдан әрі – сыйлықтар);

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық меншікке өтеусіз өткен, оның ішінде мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар мен көлік құралдарын есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгерістер енгізілді - КР Үкіметінің 31.12.2015 № 1166 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 21.11.2016 № 717 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 30.12.2020 № 947 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.04.2022 № 208 қаулыларымен.**

4. Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – жергілікті атқарушы органдар) коммуналдық меншікке айналдырылған (түсken) мынадай мұлікті:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен иесіз деп танылған;

2) мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен, сондай-ақ қайтыс болған адамнан мұрагерлікке қалған;

3) олжаларды;

4) қараусыз қалған жануарларды;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен коммуналдық меншікке өтеусіз өткен, оның ішінде мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар мен көлік құралдарын;

6) мәдени құндылықтарға жататын заттарды қамтымайтын көмбелерді (көмбедегі үлесті);

7) тәркіленген мұлікті;

8) сот актілерінің негізінде мемлекет кірісіне айналдырылған заттай айғақтарды есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Үкіметінің 21.11.2016 № 717 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

5. Уәкілетті орган мен жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің аумақтық органдарына олар белгілеген тәртіппен, мерзімдерде және нысанда мұлік туралы мәліметтерді ұсынады.

**2-тарау. Мұлікті есепке алу және сақтау**

**Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2020 № 947 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

6. Мұлікті есепке алу:

- 1) тиісті сот актілері;
- 2) нотариус беретін мемлекеттің мұрагерлікке құқығы туралы қуәлік;
- 3) кедендік декларациялау аяқталғаннан кейін мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік рәсіміне сәйкес мәлімделген тауарларға арналған декларация;
- 4) мемлекет меншігінің құқығы туындағанын растайтын өзге де құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 21.11.2016 № 717 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

7. Мұлік осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мұлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдау-беру актісі негізінде беріледі. Мұлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдау-беру актісі (бұдан әрі – тізімдеу актісі) онда көрсетілген тараپтардың саны бойынша жасалады.

Тізімдеу актісі бірдей және (немесе) біртекті мұлік бойынша мәліметтерді қамтиды, мұліктің атауы, сандық және сапалық көрсеткіштері, сондай-ақ өлшем бірлігі көрсетіледі.

Бірдей мұлікке өздеріне тән негізгі белгілері: физикалық сипаттамалары бірдей мұлік жатады.

Егер қалған жағынан бұл мұлік осы тармақтың талаптарына сәйкес келсе, сыртқы түріндегі болмашы алшақтықтар мұлікті бірдей деп танымауға негіз болып табылмайды.

Біртекті мұлікке сипаттамалары бірдей болмаса да, ұқсас немесе бірдей функцияларды орындауға және өзара алмастыруға мүмкіндік беретін ұқсас компоненттерден тұратын мұлік жатады.

Бірдей немесе біртекті мұлікке мынадай мұлік жатқызылмайды: жылжымайтын мұлік, көлік құралдары, арнайы техника.

Бір тізімдеу актісінде қамтылатын берілетін мұліктің атауы бесеуден аспайды.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 30.12.2019 № 1031 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

7-1. Сот орындаушыларынан немесе мұлікті алып қойған (беретін) органдардан (тұлғалардан) мұлікті есепке алуды уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы органдар оны нақты қайта есептеу (қайта өлшеу) қорытындылары бойынша жүзеге асырады.

**Ескерту. Қағида 7-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 30.12.2019 № 1031 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

8. Тәркіленген мүлікті, заттай айғақтарды, сондай-ақ бұрын мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік рәсіміне орналастырылған тауарларды алып қойған (берген) сот орындаушылары немесе органдар (тұлғалар) уәкілетті органды немесе жергілікті атқарушы органды мүлікті беру күні, орны және уақыты туралы олардың орындалуына дейін кемінде бес жұмыс күні қалғанда осы Қағидалардың 6-тармағында көзделген құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып және өзге де (алып қою актілері, сот сараптамасының актілері, атқару парактары және басқалары) құжаттар болған кезде жазбаша хабардар етеді.

Тәркіленген мүлікті, заттай айғақтарды, сондай-ақ бұрын мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды уәкілетті органға немесе жергілікті атқарушы органға беру мүлікті сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді берушілердің қатысуымен, уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның тізімдеу актісін жасай отырып, мынадай мерзімде:

сот орындаушыларынан – "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мэртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімде;

мүлікті алыш қойған органдардан – занды күшіне енген тиісті сот актісін алған күннен бастап екі ай ішінде;

мүлікті беретін тұлғадан (декларант) – кедендік декларация тіркелген күннен бастап екі ай ішінде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.04.2022 № 208 қаулысымен.**

9. Тізімдеме актілерін есепке алу үшін осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдау-беру актілерін есепке алу кітабы (бұдан әрі – есепке алу кітабы) жүргізіледі.

Есепке алу кітабын уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган мемлекеттік мүлік тізілімінде электрондық форматта жүргізеді. Есепке алу кітабында тізімдеме актілері олардың түсінен қарай тіркеледі.

Уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның басшысы есепке алу кітабын жүргізуге жауапты қызметкерді айқындайды.

Есепке алу кітабындағы жазбалар әрбір оқиға: тізімдеме актісіне қол қою, бағалау туралы есеп алу немесе қабылдау-беру актісіне қол қою орын алған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізіледі және есепке алу кітабын жүргізуге жауапты қызметкердің электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталады.

Мемлекеттік мүлік тізілімінде техникалық іркіліс болған жағдайда уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган қағаз форматтағы есепке алу кітабына жазуды анық және қатесіз жүргізеді. Қағаз форматтағы есепке алу кітабы нөмірленуге, тігілуге және уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның мөрімен бекітілуге тиіс.

Уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган техникалық іркіліс жойылған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей қағаз форматтағы есепке алу кітабындағы жазбаларды мемлекеттік мүлік тізіліміне енгізеді.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.07.2024 № 564 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

10. Тізімдеу актісі есепке алу кітабына енгізілгеннен кейін мемлекеттік мүлік тізілімінде әр жазбаға мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша түгендеу карточкасы ашылады.

Түгендеу карточкасының тақырыбы мүліктің кімге берілгені, мүлікті беру күні туралы мәліметтерді қамтиды. Мүлікті сатқан кезде түгендеу карточкасында бюджетпен немесе Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорымен есеп айырысу мерзімдері, төлем құжатының (құжаттарының) нөмірі мен күні көрсетіледі.

Мүлік бір тізімдеу актісі бойынша бірнеше ұйымға берілген жағдайда, түгендеу карточкалары әр ұйымға жеке ашылады.

Түгендеу карточкасының нөмірі тізімдеу актісінің нөмірінен (мүлік бірнеше ұйымға берілген жағдайда, реттік нөмірден) бөлшек белгісі арқылы бүтін цифrlарды қосу жолымен қалыптастырылады.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2019 № 1031 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.05.2023 № 385 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

11. Жергілікті атқарушы орган иесіз жылжымайтын затты есепке алған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін бұл затты коммуналдық меншікке түсті деп тану туралы талаппен сотқа жүргінеді.

12. Мүлікті сақтау Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (Ерекше бөлім) белгіленген талаптарға сәйкес жүргізіледі.

Республикалық меншікке айналдырылған (түсken) мүлікті сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды уәкілетті орган жүргізеді.

Коммуналдық меншікке айналдырылған (түсken) мүлікті сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды жергілікті атқарушы орган жүргізеді.

Республикалық (коммуналдық) меншікке айналдырылған (түсken) мүлікті сақтау бойынша көрсетілетін қызметтерді жеткізуіні таңдауды уәкілетті орган (жергілікті атқарушы орган) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.04.2022 № 208 қаулысымен.**

12-1. Уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның теңгерімінде стандарттарда, техникалық шарттарда, технологиялық нұсқаулықтарда, сақтау

жөніндегі нұсқаулықтарда, тауарлардың жекелеген түрлерін сақтау қағидаларында, қойма үшін міндетті өзге де арнайы нормативтік құжаттарда белгіленген сақтау талаптарына (режиміне) сәйкес келетін қойма үй-жайлары бар болса, уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган мүлікті осы үй-жайларда сақтау жұмысын ұйымдастырады.

**Ескерту. Қағида 12-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 16.07.2024 № 564 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

13. Республикалық меншікке айналдырылған (түскен) мүлікті тасымалдау жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды уәкілетті орган жүргізеді.

Коммуналдық меншікке айналдырылған (түскен) мүлікті тасымалдау жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды жергілікті атқарушы орган жүргізеді.

Мүлікті тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді жеткізушіні таңдау Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

### **3-тарау. Мүлікті бағалау**

**Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2020 № 947 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

14. Мүлікті одан әрі пайдалану, оның ішінде өткізу немесе беру үшін бағалау "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүргізіледі.

Республикалық меншікке айналдырылған (түскен) мүлікті бағалау жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды уәкілетті орган жүргізеді.

Коммуналдық меншікке айналдырылған (түскен) мүлікті бағалау жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды жергілікті атқарушы орган жүргізеді. Бағалаушыны таңдау Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.04.2022 № 208 қаулысымен.**

14-1. Бағалаушыға бағалау жүргізу үшін қажетті құжаттаманы, толық және дұрыс ақпаратты, қажетті түсініктемелерді беруді және бағалау обьектісіне қолжетімділікті қамтамасыз етуді уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган мүлікті тізімдеу актісі бойынша есепке қабылдап алған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырады.

Уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган мен бағалаушы арасында мүлікті бағалау жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт болмаған жағдайда,

осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген іс-шаралар мүлікті бағалау жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

**Ескерту. Қағида 14-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 26.06.2018 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

15. Ақша мен төлем құжаттары бағалаушыны тартпай-ақ атаулы құны бойынша бағаланады.

#### **4-тарау. Мүлікті одан әрі пайдалану**

**Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2020 № 947 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

16. Мүлікті одан әрі пайдалану (республикалық немесе коммуналдық мүліктің құрамына беру, оның ішінде балалар үйлеріне, қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік мекемелерге (ұйымдарға), балабақшаларға, мектептерге, медициналық-әлеуметтік мекемелерге не арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілерге өтеусіз беру, өткізу немесе жою) туралы шешімді уәкілетті орган немесе жергілікті атқаруши орган қабылдайды.

Мүлікті одан әрі пайдалану туралы мәселелерді қарау үшін уәкілетті орган немесе жергілікті атқаруши орган комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрады, оның құрамына уәкілетті органның немесе жергілікті атқаруши органның өкілдері, Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының келісімімен жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің, сондай-ақ қажет болған кезде санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің, мемлекеттік кірістер органдарының және басқа да мүдделі ұйымдардың өкілдері кіреді.

Комиссия туралы ережені уәкілетті орган немесе жергілікті атқаруши орган әзірлейді және бекітеді.

Комиссия мүшелерінің саны кемінде 5 адамнан тұрады. Комиссияның тәрағасы уәкілетті органның немесе жергілікті атқаруши органның өкілі болады. Хатшы комиссияның мүшесі болып табылмайды.

Комиссияның шешімдері қатысып отырған комиссия мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады, ұсынымдық сипатта болады және хаттамамен ресімделеді. Дауыстар тең болған кезде тәрағаның дауысы шешуші болып табылады. Комиссияның шешімдері уәкілетті орган немесе жергілікті атқаруши орган үшін ұсынымдық сипатта болады.

**Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 26.10.2022 № 850 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

17. Мұлікті одан әрі пайдалану (республикалық немесе коммуналдық мұліктің құрамына беру, оның ішінде балалар үйлеріне, қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік мекемелерге (ұйымдарға), балабақшаларға, мектептерге, медициналық-әлеуметтік мекемелерге не арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілерге өтеусіз беру, өткізу немесе жою) мемлекеттік мұлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.10.2022 № 850 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

18. Тарихи, ғылыми, көркемдік немесе мәдени құндылығы болуы ықтимал мұлікті Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" және "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" заңдарына сәйкес құрылатын тарихи-мәдени мұра мәселелері жөніндегі арнайы комиссия және Ұлттық мәдени игілік объектілерінің айрықша режимі жөніндегі сараптама комиссиясы қарайды.

Тарихи, ғылыми, көркемдік немесе мәдени құндылыққа жатқызылған мұлікті тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша мемлекеттік музейлерге өтеусіз беруге болады.

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.07.2024 № 564 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

19. Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түсken) бағалы металдарды, асыл тастарды және олардан жасалған бұйымдарды тасымалдау, қабылдау, есепке алу, бағалау, сақтау және өткізу тәртібін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен келісу бойынша мемлекеттік мұлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

**Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 07.06.2016 № 338 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

19-1. Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен қабылдап алған бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағалы металдардағы активтеріне аффинаждалған алтынның құймаларын есепке жатқыза отырып аффинаждауға жатады.

**Ескерту. Қағида 19-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 07.06.2016 № 338 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

19-2. Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарын аффинаждалған алтын құймалары етіп аффинаждалған беру және оларды аффинаждалғаннан кейін алу тәртібін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі айқындайды.

Аффинаждалған алтын құймаларының құны бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтарын қайта өндөуге байланысты шығындар шегеріле отырып, бюджетке аударылады.

**Ескерту. Қағида 19-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 07.06.2016 № 338 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

20. Ақша түріндегі мұлік бюджет кірісіне немесе Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына есептелінеді. Шетел валютасы операция жасалған күні белгіленген валюта айырбастаудың ресми бағамы бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдары арқылы бюджет кірісіне немесе Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына есепке жатқызылады. Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған, айырбасталмайтын шетел валютасын қабылдау, сақтау, өткізу тәртібін, сондай-ақ оларды өткізуден түскен ақшаны бюджетке немесе Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына есептеу тәртібін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейді.

Ақша түріндегі мұлікті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне және оның филиалдарына беруді осындаған мұлікті алған орган мұліктің сомасы, берілу уақыты және алушысы көрсетілген беру туралы хабарламаны уәкілетті органға жібере отырып жүргізеді.

**Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.05.2023 № 385 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

21. Мемлекеттік мұліктің құрамына түскен салымдар (депозиттер) сомасын банктер толық көлемде номиналды түрде бюджеттің кірісіне немесе Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына аударады.

**Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.05.2023 № 385 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

22. Осы Қағидалар лотерея билеттері, түбіртектер немесе өзге де құжаттар бойынша ақшалай ұтыс түріндегі мұлікке қолданылады. Лотерея билеттері, түбіртектер және өзге де құжаттар бойынша заттай ұтыстың құнын лотерея операторы болып табылатын тұлға бюджет кірісіне есептейді.

Лотерея билеттерін, түбіртектерді немесе өзге де құжаттарды беру тізімдеме актісі бойынша жүргізіледі, онда лотереяның атауы, лотерея операторының атауы, тираждың нөмірі мен атауы (болған кезде), жүлде қорының ұтыс ойынын өткізу күні мен орны (

болған кезде), лотерея билетінің, түбіртектің немесе өзге де құжаттың нөмірі және ұтыс мөлшері көрсетіледі.

**Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.08.2016 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

23. "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабында көрсетілген жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) тұрғын үйлер мемлекеттік тұрғын үй қорына қосылады.

Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне түскен тұрғын үйлерді одан әрі пайдалану тәртібі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

**Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.04.2022 № 208 қаулысымен.**

**24. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.12.2020 № 947 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

25. Мемлекеттік қызметшілер немесе "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабына сәйкес өзіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдайтын өзге де адамдар және олардың отбасы мүшелері сыйға тартуышының пайдасына әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін алған сыйлықтар, егер мұндай әрекеттер көрсетілген адамдардың қызметтік өкілеттіктеріне кірсе немесе олар лауазымдық жағдайына орай осындаи әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етсе, не көрсетілген адамдар мен олардың отбасы мүшелеріне айтылмай келіп түскен сыйлықтар, сондай-ақ жұмыстағы жетістіктері және басқа да сінірген енбегі үшін табыс етілетін сыйлықтарды қоспағанда, оларға және олардың отбасы мүшелеріне хаттамалық және басқа да ресми іс-шаралар кезінде берілген (табыс етілген) сыйлықтар мемлекетке берілген сыйлықтар болып есептеледі және "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тәртіппен және мерзімдерде сатып алу не сатып алушан бас тарту туралы жазбаша хабарламамен қоса, тізімдеу актісі бойынша оларды уәкілетті органға өтеусіз беру арқылы мемлекеттік мұліктің құрамына түседі.

**Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.04.2022 № 208 қаулысымен.**

26. Бағалы металдардан жасалған сыйлықтарды сараптауды және оларды өткізілгенге дейін сактауды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады

**Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2020 № 947 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

26-1. Сыйлықты уәкілетті органға берген адам жоғары тұрған лауазымды адамды хабардар ете отырып, оны "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы"

Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалған құны бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен жасалатын сатып алу-сату шарты негізінде сатып алуға құқылы.

**Ескерту. 26-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2015 № 1166 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.04.2022 № 208 қаулысымен.**

26-2. Сыйлықты сатып алу уәкілетті орган сыйлықты алған адамнан хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде уәкілетті орган мен сыйлықты алған адам арасындағы сатып алу-сату шарты бойынша жүзеге асырылады.

Тапсырылған сыйлықты беру "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалған, сатып алу-сату шартында көрсетілген сыйлықтың құнын толық төлегеннен кейін уәкілетті орган мен сыйлықты тапсырған адам арасында қабылдау-беру актісіне қол қою арқылы жүргізіледі.

**Ескерту. 26-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2015 № 1166 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.04.2022 № 208 қаулысымен.**

27. Сыйлықты тапсырған адам сатып алудан жазбаша бас тартқаннан кейін ғана уәкілетті орган сыйлықты үшінші тұлғаларға өткізуге құқылы.

**Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2020 № 947 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

27-1. Сыйлықтарды сатудан түсken ақша республикалық бюджетке аударылады.

**Ескерту. 4-тaraу 27-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.12.2020 № 947 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

28. "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабында көрсетілген жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түсken) жер участелері мемлекеттік жер қорына қосылады.

Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған жер участелерін одан әрі пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының Жер кодексімен реттеледі.

**Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.04.2022 № 208 қаулысымен.**

**5-тaraу. Ең төменгі бағамен өткізілмеген мүлікті пайдалану және жою тәртібі**

**Ескерту. 5-taraудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2020 № 947 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

29. Ең төменгі бағамен өткізілмеген мүлікті пайдалану және жою мынадай тәртіппен жүзеге асырылады.

Комиссия белгілеген ең төменгі бағамен өткізілмеген, пайдалануға жарамды мүлік балалар үйлеріне, қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік мекемелерге (ұйымдарға), балабақшаларға, мектептерге, медициналық-әлеуметтік мекемелерге не арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілерге (бұдан әрі – әлеуметтік қызмет субъектілері) өтеусіз беріледі.

Мүлік туралы ақпаратты шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде уәкілетті орган не жергілікті атқарушы орган мүлікті есепке алу және өткізу бойынша электрондық сервиске бірыңғай қолжетімділік нүктесі болып табылатын [www.e-qazyna.kz](http://www.e-qazyna.kz) мекенжайы бойынша Интернет желісінде орналасқан интернет-ресурста (бұдан әрі – тізілім веб-порталы) жариялады.

Мүлікті өтеусіз алуға өтінім тізілім веб- порталында хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде әлеуметтік қызмет субъектілерінен тізілім веб- порталында қабылданады.

Мүлікті өтеусіз алуға өтініміне әлеуметтік қызметтер көрсету бойынша қызметті жүзеге асыруды растайтын құжаттардың сканерленген көшірмелері қоса беріледі.

Мүлікті өтеусіз алуға өтінімдерді уәкілетті орган не жергілікті атқарушы орган қарайды. Мүлікті алуға ниетті бірнеше өтінім беруші болған кезде өз өтінімдерін бұрын берген тұлғаларға басымдық беріледі.

Мүлікті өтеусіз алуға өтінімді уәкілетті орган не жергілікті атқарушы орган қарайды, олар өтінімдерді ашу күнінен бастап үш күн мерзімде тізілімнің веб- порталында өтінімдері қанағаттандырылған әлеуметтік қызметтердің субъектілері туралы ақпаратты жариялады. Мүлікті алуға ниетті бірнеше өтінім беруші болған кезде өз өтінімдерін бұрын берген тұлғалар артықшылықты пайдаланады.

Мүлік уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның шешімі негізінде әлеуметтік қызмет субъектілеріне беріледі.

Мүлікті мемлекет меншігіне ақысыз өткізген кезде уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган әлеуметтік қызмет субъектілері арасында қабылданап алу-беру (тапсыру актісі) актісі үш дана мемлекеттік және орыс тілдерінде қабылданап алу-беру (тапсыру актісі) актісін ресімдеуге қатысуши тараптардың әрқайсысына бір данадан жасалады.

**Ескерту. 29-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.12.2019 № 1031 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.10.2022 № 850 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2024 № 564 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

30. Одан әрі қарай пайдалануға жатпайтын мүлік және талап етілмеген, ең төменгі бағамен сатылмаған мүлік уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның шешімімен жойылады.

Респубикалық меншікке айналдырылған (түскен) мұлікті жою жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды уәкілетті орган жүргізеді.

Коммуналдық меншікке айналдырылған (түскен) мұлікті жою жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды жергілікті атқарушы орган жүргізеді.

Мұлікті жою жөніндегі көрсетілетін қызметтерді жеткізуіні таңдау Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

31. Сапасы мен қауіпсіздігіне нормативтік құжаттарда қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін азық-түлік шикізатын, тамақ өнімдерін, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және санитариялық-эпидемиологиялық қағидалар мен нормаларға және гигиеналық нормативтерге сәйкес келмейтін, сәйкестендіру құрылғыларының өткізілетін темекі бұйымдарын және құрамында шығарылған елі белгісіз темекі бар басқа да бұйымдарды, сондай-ақ тасымалдауға, сақтауға, өткізуға, санитариялық-эпидемиологиялық сараптама мен сертификаттауды жүргізуға байланысты шығындары өздерінің бағалау құнынан асып түсетін тауарлардың шамалы партияларын және өзге де мұлікті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес үәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган құратын комиссия жояды.

"Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 217-бабына сәйкес қажет болған жағдайларда комиссияның құрамына санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің қызметкерлері және жергілікті атқарушы органдар мен басқа да мүдделі ұйымдардың өзге де мамандары тартылады.

**Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.04.2022 № 208 қаулысымен.**

## **6-тарау. Қорытынды ережелер**

**Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2020 № 947 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

32. Мұлікті есепке алуға, бағалауға, сақтауға, тасымалдауға, қайта жіберуге, оны өткізуді ұйымдастыруға және одан әрі пайдалану жөніндегі өзге де шығындарға байланысты шығыстар Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 11.04.2022 № 208 қаулысымен.**

33. Сот мұліктің мемлекет меншігіне түсуіне негіз болған актінің күшін жойған (тиісті бөлігін өзгертуден) кезде уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы органдар мұлікті заттай қайтаруды жүргізеді. Егер мұлік Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өткізілген жағдайда оның құнын өтеу Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес оны өткізуден алынған қаражат шегінде тиісті бюджет қаражаты немесе Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры есебінен жүргізіледі.

Залал Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 9-бабының 4-тармағына сәйкес өтелуге жатады.

Ескеरту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.05.2023 № 385 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

34. Осы Қағидалардың 3 және 4-тармақтарында көрсетілген негіздер бойынша мемлекетке өткен мұлікті заңды және жеке тұлғаларға уақытша пайдалануға беруге тыйым салынады.

35. Уәкілетті органның және жергілікті атқарушы органның лауазымды тұлғаларына осы Қағидалардың ережелерін бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жауапкершілік жүктеледі.

Жекелеген негіздер бойынша  
мемлекет меншігіне  
айналдырылған (түскен) мұлікті  
есепке алу, сактау, бағалау және  
одан әрі пайдалану  
қағидаларына  
1-қосымша

1-нысан

#### Мұлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдау-беру актісі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.05.2023 № 385 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_  
(жасалған күні) (акт жасалған жер)

Мына құрамдағы комиссия:  
уәкілетті орган (жергілікті атқарушы орган)

---

(уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның атауы, мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ ;  
\_\_\_\_\_ өкілі  
(жауапты жұмыскердің лауазымы және тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

\_\_\_\_\_  
сот орындаушысы

(әділет органдының атауы, мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі, жұмыскердің лауазымы және тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

\_\_\_\_\_ өкілі  
(мұлікті беретін тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), мұлікті алғыш қойған (беретін) органдың атауы, мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

\_\_\_\_\_ ;  
(жұмыскердің лауазымы және тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

\_\_\_\_\_ өкілі  
(мұлік уақытша жауапты сақтауда тұрган ұйымның атауы, мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

\_\_\_\_\_ ;  
(жұмыскердің лауазымы және тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

\_\_\_\_\_ өкілі  
(мұлікті қабылдаушы ұйымның атауы, мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

\_\_\_\_\_ ;  
(жұмыскердің лауазымы және тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)  
\_\_\_\_\_ бағалаушысы  
(ұйымның атауы, мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі, лицензияның күні және нөмірі)

\_\_\_\_\_ (мұлікті бағалауды жүзеге асыратын адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)  
\_\_\_\_\_ (мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі, лицензияның күні және нөмірі)

\_\_\_\_\_ тиесілі төмендегі мұлікті  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысымен бекітілген Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мұлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану қағидаларының негізінде иеленуші

\_\_\_\_\_ (сот актілерінің негізінде тәркіленген (оның ішінде заттай дәлелдемелер) немесе иесіз деп таныған мұліктің бұрынғы иесінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе ұйымның атауы, мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

(соттың атауы, мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі, сот шешімінің нөмірі, күні)

---

(соттың атауы, мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі, сот шешімінің нөмірі, күні)

---

(ұйымның атауы, мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе мүлікті берген тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі),

немесе мемлекет меншігіне өтеусіз өткен мүлікті \_\_\_\_\_

(мүлікті берген ұйымның атауы, мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

кедендік декларацияға сәйкес "мемлекет пайдасына бас тарту" кедендік рәсімімен орналастырылған мүлікті, оның ішінде тауарлар мен көлік құралдарын берген

(мемлекеттік кірістер органының атауы, мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі, тауарларға арналған кедендік декларацияның күні мен нөмірі)

немесе нотариустың қуәлігіне сәйкес \_\_\_\_\_

(нотариустың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі, қуәлігінің нөмірі, күні),

мұрагерлік құқық бойынша мемлекетке өткен деп танылған, сыйлықтар сондай-ақ құны мемлекет кірісіне түсетін мемлекет меншігі құқығының туындағанын қуәланышыратын басқа да құжаттардың негізінде өзге де мүлікті

(мүлікті берген ұйымның атауы, мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), мекенжайы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

тізімдеуді және қабылдауды жүргізді.

### **Мүлікті тізімдеу және бағалау**

Р/с №	Әрбір зат толық	Өлшем бірлігі	Саны		Мүлікті қабылдау кезінде бірлігін корытындыла	Барлық сомасы, теңге
			Есепке қабылдау үшін негіз болып табылатын	Кайта есептеу (қайта өлшеу) корытындыла		

сипатталған мұліктің атауы		құжатта көрсетілген	ры бойынша нақтысы	алдын ала бағалау, теңге *		
1	2	3	4	5	6	7

Жиыны (жазумен): \_\_\_\_\_

бюджетке немесе Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына аударуға жататын жиыны

Осы акт \_\_\_\_ данада жасалды.

Комиссия мүшелері:

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

(бағалаушы сарапшының қолы және мөрі (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

жылғы "\_\_\_" иеленушінің қолы \_\_\_\_\_

Осы актіде көрсетілген мұлікті жауапты сақтауға қабылдап алдым. Сақтауға қабылданған мұліктің жойылғаны, жасырылғаны, жоғалғаны, ауыстырылғаны немесе бүлінгені үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 425-бабы бойынша қылмыстық және материалдық жауапкершілік туралы ескертілді.

жылғы "\_\_\_" қолы \_\_\_\_\_

(ұйымның атауы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі, мекенжайы немесе мұлікті қабылдаған тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Ескертпе

\* Бұл баған мұлікті уәкілетті органға (жергілікті атқарушы органға) беруші ұйым алдын ала бағалау жүргізген жағдайда толтырылады.

Жекелеген негіздер бойынша  
мемлекет меншігіне  
айналдырылған (түсден) мұлікті  
есепке алу, сақтау, бағалау және  
одан әрі пайдалану  
қағидаларына  
2-қосымша

2-нысан

20 \_\_ жылды мұлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдау-беру актілерін есепке алу  
кітабы

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.07.2024 № 564 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

P/c №	Жазба жүргізілген күн	Мұлікті тізімдеу, багалау және сатылау						Мұлікті тізімдеу, багалау және сатылау						Накты түскен сома, теңге	
		Мұлікті тізімдеу, багалау және сатылау	Бұрынғы иелері	Мұлікті тізімдеу, багалау және сатылау	Мұлік шешімін, шарттың, мұліктің күні	Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына									
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК